

Геофизикалық зерттеулердің техникалық сипаттамасы

(Лот 1)

- Белгіленген аумақтағы су әкелетін қабаттарды іздеу, трассалау және бағалау үшін электромагниттік және электрлік барлау құралдарын пайдалана отырып, далалық геофизикалық зерттеулер жүргізу;
- Жұмыс әдісі: MN-электродтар және/немесе жыныстар мен суға қаныққан аймақтардың өткізгіштігі/тұрақты кедергісінің өзгеруін тіркеуге мүмкіндік беретін датчиктерді қолдана отырып, табиғи/жасанды электромагниттік өріс арқылы электрлік барлау;
- Ұңғымалар бұрғылау орындарын негіздеу үшін перспективалы су әкелетін аймақтардың тереңдігін және қуатын анықтау.

Сапа мен нәтижеге қойылатын талаптар:

- Өлшеу сапасын бақылауды қамтамасыз ету (қайталаушы нүктелер, кедергілерді болдырмау, далалық журналдарды тіркеу) және табиғи электромагниттік өріс кедергілері жағдайында деректердің тұрақтылығын сақтау;

Интерпретация ұсыну: 2D/3D геофизикалық кескіндер жасау, бұрғылауға ұсынылатын аномалды аймақтарды бөліп көрсету, су әкелетін қабаттардың тереңдігі мен шамамен дебитін көрсету (геофизикалық деректер мен калибрлік ұңғымалар бойынша, егер бар болса).

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөліміне қағаз түрінде келесі құжаттарды ұсынуға міндетті, олар өздерінің тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайды (бірақ тек олармен шектелмейді):

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алынатын қызметтер мен жұмыстар түрлеріне қажетті куәліктердің/лицензиялардың және өзге де рұқсат беру құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- әлеуетті жеткізуші персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі бар екендігін растайтын дипломдар, сертификаттар, оқудан және біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктер, куәліктер және т.б.);
- әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету тәжірибесін растайтын және куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шарттардың орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері), әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған түрде;
- әлеуетті жеткізушінің мемлекеттік кірістер органдары алдындағы салықтар мен бюджетке міндетті өзге де төлемдер бойынша берешегінің жоқтығы туралы бірінші данадағы анықтама;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын құжаттар, бұл құжаттар тиісті конкурсқа қатысуға өтінім жіберілген күннен кешіктірілмей даталануы тиіс;
- әлеуетті жеткізушінің өндірістік базасының (өндірістік ғимараттар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екендігін растайтын құжаттардың әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Басқарма мүшесі- ғылым және инновация жөніндегі проректор

Бағдарлама жетекшісі

Рахметуллина С.Ж.

Конурбаева Ж.Т.

Идришева Ж.К.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 25.12.2025 жылға дейін.